

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

«Бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудағы тілдің ролі»

Кәсіби қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқыту



Кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау, білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі студент ертеңгі маман, іскерлік қарым-қатынас жағдайында жол таба білуге үйрету маңызды болып саналады. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру мақсаты басым. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Сондықтан кәсіби бағдарлы білім беруде қамтылатын білім мазмұны, соның ішінде тақырыптар ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс [3].

Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті мол мамандарды даярлау міндеті бүгінгі білім жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда студенттерге іскерлік қарым-қатынасты дұрыс оқыту қажеттігі күннен-күнге айқын сезіледі. Бұл айтылған ұстанымдар мен тәсілдер қазақ тілін кәсіби бағдарлы мамандыққа байланысты оқытудың өзіндік ерекшеліктері, заңдылықтары, оны меңгерудің әдіс-тәсілдері кәсіби бағдарлы қатысымда атқаратын маңызы зор.

Қазақ тілін кәсіби бағдарлы мамандыққа байланысты оқыту әдістемесі мына ұстанымдарға негізделуі:

- тілді қатысымдық бағытта үйретудің лингвистикалық негізі сөйлесім әрекеті және оның түрлерінің қамтылуы;
- тілдік тұлғаның қатысымдық құзыреттілігінің дамытылуы;
- кәсіби тілдік қатысымды меңгеруде тіл үйренушінің тілдесім-сөйлеу тілін кәсіби қарым-қатынас тілі ретінде дамыту;
- лексикалық, терминологиялық минимумды танымдық-бағдарлы және грамматикалық минимумды мамандыққа сай мәтіндер мен тапсырмалар арқылы оқыту.

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы
Амербаева Г.К.

Бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудағы тілдің ролі



Қазақ тілі бүгінгі күні қоғамдық өміріміздің барлық саласына еніп, өзінің функциясын толық атқаруда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Қазақстан мемлекетінің мемлекет болуы және өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары-ана тілімен, ұлттық рухымен тығыз байланысты. Қазақ тілі пәні-білім беру жүйесінде өзіндік орны бөлек жетекші пән, өйткені ана тілі жас ұрпақтың дүниені тануының басты көзі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін асқартатын, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға ат салысу білім ордаларынан бастау алуы тиіс. Кәсіби білім беру және техникалық оқу орындары ақпараттық қоғам жағдайының өзгерісіне сай, бәсекеге қабілетті, қазақ тілін еркін меңгерген маманды тәрбиелеуі қажет. Қазақ тілінің пәндік функциясы тек білім беру стандарттары мен типтік бағдарлама шеңберінде ғана қалмауы тиіс. Қазіргі замандағы тілдік білім беру құндылыққа айналып, өзінің үш аксиологиялық блогын қарастыруда алға тартып отыр.

Қазақ тілінде сөйлеушінің әр сөздің сыртқы формасымен ішкі мазмұнын қолданыстағы бірлігін сақтай сөйлеуі ғана дұрыс берілген теориялық білім мен практикалық дағдының бірлігі болмысын танытады. Сондықтан оның мынадай әдіснамалық ұстанымдары болуы керек: -қазақ тілін оқыту арқылы білім алушылардың қазақша ойлауы мен қазақша тілін дамыту (яғни өзге тілді ұлттар мен қазақ тілін меңгермеген тұлғалар үшін) үдерісі өзіндік ерекшелігі мол ішкі құрылымға ие жүйе; - қазақ тілін оқыту арқылы қазақша ойлау мен тілін дамыту - қазақ тілі жүйесіндегі тілдік құбылыстарды меңгерту жолында білім беру мен тәрбие үдерісінің тұтасқан көрінісі. Қазақ тілін оқыту арқылы білім алушыларды тәрбиелеуге бағытталған оқу үдерісін тану үшін алаңгершілік ұстанымдары негізі етіп алынуы тиіс.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін кәсіпкерлік, халықтық салт-дәстүрді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі. Бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың негізі ретінде оқыту-тәрбиелеу аясында қазақ тілі пәнінің ролі, атқаратын қызметінің маңызы өте зор.

Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Мукашева Э.М.

Білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудағы қазақ тілінің ролі



«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік материалдардың болмауы ескере отырып, мәселені шешуге мүмкіндік беретін жаңа әдістерді іздеу өз міндетім деп есептеймін. Тәжірибе көрсеткендей, қызықты, өзекті, қолжетімді мәтіндерді пайдалану Кәсіби қазақ тілін оқытудың тиімді құралы болып табылады.

Оқу үрдісінде біздің колледж студенттері қала және облыс кәсіпорындарында практиканың әр түрлі түрлерінен өтеді. Практикадан өту және одан әрі жұмысқа орналасу кезінде студент адамдармен қарым-қатынас жасайды, құжаттарды толтырады, қызмет көрсету саласында жұмыс істейді, барлық жағдайларда тілді, атап айтқанда кәсіби қазақ тілін білу қажеттілігі бар. Сондықтан сабақта болашақ маманды табиғи кәсіби ортада қарым-қатынас жасауға дайындаймын.

Мысалы, біздің колледж студенттері "Су көлігін пайдалану" мамандығы бойынша өндірістік тәжірибеден өтеді және "арнайы техника" пәні бойынша алған білімдерін қолданады, осы кезеңде тек орыс тілді адамдармен ғана емес, сондай-ақ кәсіби қазақ тілінен алған білімдері мен дағдыларын пайдалана алады.

Оқу барысында олар одан әрі жұмыста қажетті лексикалық материалмен танысады: кәсіби терминологиямен, автомобильдің тарихымен, автомобильдің құрылысымен және т.б., мәліметтерді зерделеу кезінде пәнаралық байланыстар ескеріледі және пайдаланылады. Іріктелген лексикалық, грамматикалық және сөзжасам минимумы маңызды рөл атқарады. Оқылатын тақырыптар, мәтіндер, сөйлеу міндеттері кәсіби бағыттылығына ие. Бұл оқылатын пәнге үлкен қызығушылық береді.

Менің қойған міндеттерім, студенттерді қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, алған білімдерін өз кәсіби қызметінде қолдануға үйрету, табысты шешіліп жатыр, себебі студенттер кәсіби қазақ тілін үйрену олардың үлкен жеке еңбегінің нәтижесі екеніне сенімді.

Осылайша, қазіргі қоғамға бірігушілердің кәсіби табысты және ұтқыр болуы, мансабын құруы, қазіргі бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуі маңызды, ал бұл үшін кәсіби мемлекеттік тілді білу қажет.

Қазақ тілі пәнінің оқытушысы
Құрманғазықызы М.К.

Филологиялық пәндерінің бірлестігі